

Откізілген орны: Оқу залы

Откізілген уақыты: 28 наурыз, сағ 10-00.

Облыстық семинарға қатыскандар:

Облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайының директоры – Ханбибі Есенқарақызы;

Арнайы кітапхана, аудандық филиалдар, пункттер қызметкерлері.

Облыстық арнайы көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған кітапханасында түрлі іс-шаралар откізіліп тұрады. Осындай іс-шараның бірі биылғы жылғы аталып отілетін Еліміздің Тәуелсіздігінің 25 жылдығына, Ұлт-азаттық қозғалысының 100 жылдығына орай облыстық семинар откізілді. Семинарға «Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі болсын!» тақырыбында кітап көрмесі безендіріліп, баяндама дайындалып, шолу откізілді.

Семинарда төмендегідей өзекті мәселелер талқыланды:

- «Арнайы кітапхана қызметінде – Тәуелсіздіктің алар орны»
- «Ұлттық идея, ұлттық мақсат: ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл» - «Қазыналы Оңтүстік» кітабының топтамасы бойынша.
- «Ұлт тарихындағы қилы кезеңдер: ұлт-азаттық қозғалысына 100 жыл»

Авторлар: спецбіб
29.03.2016 14:44 -

ОКО арнайы кітапханасының директоры Б.Ә.Нұрманбетов алғы сөзімен бастап, барша кітапханашыларды Наурыз мерекесімен құттықтап, еңбектеріне табыс, отбасыларына амандық тіледі. Кітапхана директорының орынбасары Ү.М.Тұранбаева кітапхана қызметкерлері өздерінің тәжірибелерін жүзеге асырудағы, оқырмандар жұмыс жасаудағы және түрлі шараларды өткізудегі бірнеше әдіс-тәсілдері мен жұмыс жоспарларымен таныстырды.

Семинарға облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайының директоры Ханбибі Есенқарақызы қатысты. Хан-апамыз қазақ елінің неше жыл кеңес дәуірінің құрсауында болғанын, түрлі қиын кезеңдерден өтіп, өз алдымызға егемендік алып, Тәуелсіз Республика болып шығуымыздың түрлі бастауларынан бастап, қазіргі кезеңге дейін кең түрде жан-жақты баяндап берді, өзінің кітаптарынан үзінділер оқыды.

Ақын апамызға кітапханашы қызметкерлері сұрақтар қойып, үлкен әсермен, шабытпен тыңдады.

Семинарды облыстық кітапхана директоры Б.Нұрманбетов қорытындылап, кітапханашы қызметкерлеріне алдағы істеріне бағыт-бағдар берді.



Авторлар: specbib
29.03.2016 14:44 -

